



БҰЙРЫҚ

02.09.2024 ж.

село Шетпе

ПРИКАЗ

№ 95-нк

село Шетпе

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу бойынша бракераж комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Асханаға келіп түскен тағам өнімдерінің сапасын, олардың сақтау мерзімдері мен жағдайлары, оларды сақтау шарттарына, өткізу мерзімдерінің сақталуына, дайындау технологиясына, дайын тағамның сапасына, ас блогының санитарлық жағдайына бракераж комиссиясының тарапынан бақылау жүргізілсін.

2. 2024-2025 оқу жылында мектеп асханасының қызметін бақылау, оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша бракераж комиссиясы құрылсын:

- 1.1. Тажмаганбетова А. – мектеп директоры, комиссия төрайымы;
- 1.2. Байжан А. – қамқоршылық кеңес төрағасы, мүше;
- 1.3. Асқарова А. – әлеуметтік педагог, мүше;
- 1.4. Жанайысова Ж. – ата-ана, мүше;
- 1.5. Аженова М. – мектеп мейірбекесі, мүше.

3. Күнделікті бракераж журналын толтыру мектеп медбикесі М.Аженоваға міндеттелсін.

4. Атқарылатын жұмыс бағыттарымен, бұйрық тиісті қызметкерлерге таныстырылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.Тажмаганбетова

000420